БЕКІТІЛГЕН
"М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
№ 4 "5" 11 2025ж.

ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ТӨРАҒАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЛЫҒЫ

Тіркеу № 06

© "Дулати университеті"КеАҚ зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басып шығаруға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е. Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің менеджері Сарикова А.Б.	/қолы/ /қолы/	24.10.25ж. 24.10.25ж.
2. ЕНГІЗІЛДІ	Стратегиялық даму басқармасымен		
3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4. ВВЕДЕН ВЗАМЕН	Алғаш рет		
5.РАССЫЛКА	Академиялық жұмыс департаментіне, факультеттер мен кафедраларға, Персоналды басқару қызметіне		
6. УТВЕРЖДЕНО И ВВЕДЕНОВ ДЕЙСТВИЕ	"М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген, хаттама № 4 "5" 11 2025ж.		
7.СОГЛАСОВАНО:	Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер бойынша проректор Еркинбаева Л.К.	/қолы/	4.11.25 ж.
	Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есімова Ш.А.	/қолы/	4.11.25 ж.
	Академиялық жұмыс департаментінің директоры Алимбаева С.К.	/қолы/	4.11.25 ж.
	Персоналды басқару қызметінің басшысы Есмаханов Б.М.	/қолы/	3.11.25 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.Б.	/қолы/	3.11.25 ж.

Осы құжат "М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Мазмұны

№	**Нұсқаулық бөлімдері**	**бет.**
1.	Қолдану саласы	4
2.	Нормативтік сілтемелер	4
3.	Негізгі терминдер, қысқартулар және белгілер	5
4.	Негізгі терминдер	5
5.	Қысқартулар	5
6.	Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
7.	Жалпы ережелер	6
8.	Қызметтік міндеттері	7
9.	Құқықтар	8
10.	Жауапкершілік	8
11.	Танысу парағы	9

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы қызметтік нұсқаулық факультеттердің білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағаларының қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейді, олардың функционалдық міндеттерін, өкілеттіктерін, жауапкершілігін реттейді және университет факультеттерінде білім беру бағдарламалары мен оқу процесінің сапасына мониторингті, талдауды және жетілдіруді жүзеге асыру кезінде қолданылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

Заң	"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (16.09.2025 ж. жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);
Заң	"Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы (11.10.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
Заң	"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы (31.08.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
Заң	"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы (16.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
Конституция	Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданды) (19.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
Кодекс	Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі (16.09.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);
Кодекс	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдады (11.10.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);
МЖМБС	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (10.05.2025ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);
Үлгілік қағида	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
МС ИСО 9001:2015	"Сапа менеджменті жүйесінің және/немесе экологиялық менеджмент жүйесінің аудиті бойынша басшылық нұсқаулар";
ҚР СТ ISO 9001-2016	"Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар";
Бағдарлама	М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің даму бағдарламасы, 2023-2029 жылдарға арналған;

Жарғы	"М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ Жарғысы;
СЖЖ 01	"Сапа жөніндегі нұсқаулық";
01 УСТ	"Құжатталған ақпаратты басқару";
06 УСТ	"Басшылық тарапынан талдау";
05 УСТ	"Түзету әрекеттері".

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

3.1 Негізгі терминдер

Осы Ережеде мынадай термин қолданылады:

"Атамекен" ҰКП	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы

3.2 Қысқартулар

Осы ережеде мынадай қысқартулар пайдаланылады:

МЖМБС	Мемлекеттік білім беру стандарты
ИСО (ISO)	Халықаралық стандарттау ұйымы
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
АРСҚБ	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі
ҒЗҚБ	Ғылыми-зерттеу қызметі бөлімі
ББ	Білім беру бағдарламасы
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
Университет	" М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

4.1 Осы құжат университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

4.2 Осы Ережені енгізуге Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор жауапты болады.

4.3 Осы Ережелер "Құжатталған ақпаратты басқару" УСТ 01 стандартының талаптарына сәйкестендіруге құжатты әзірлеуші жауапты болады.

4.4 Осы Ереженің орындалуына факультеттерде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағалары жауапты болады.

4.5 Бөлімшедегі сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) құжаттарының сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың жария етілуіне факультеттерде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағалары жауапты болады.

4.6 Осы Ережеге өзгерістер енгізілген кезде толықтырулар енгізіледі:

- университет құрылымдары;
- құрылымдық бөлімшенің функциялары.

4.7 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен, сондай-ақ қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасының Білім саласындағы заңнамасының жаңа талаптарын ескере отырып енгізіледі.

4.8 Осы Ережемен реттелмеген мәселелер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

4.9 Әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу УСТ 01 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.10 Осы Ережені келісу лауазымды тұлғалармен жүзеге асырылады.

4.11 Түпнұсқаны АРСҚБ-не сақтауға беру үшін, жауапкершілік құжатты әзірлеушіге жүктеледі.

4.12 Түпнұсқаны сақтауға АРСҚБ жауапты.

4.13 Абоненттерге есептелген жұмыс даналарын таратқаны үшін жауапкершілік стратегиялық даму басқармасына жүктеледі.

4.14 Есепке алынған жұмыс данасының көшірмелерін жасау УСТ 01-ге сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.15 Осы Ережені көбейтуге "Dulaty university" баспасының директоры жауапты болады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Факультеттегі білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның төрағасы (бұдан әрі - Комиссия төрағасы) факультет Кеңесінің шешімімен тағайындалады және факультет Кеңесіне, аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөліміне, Академиялық мәселелер бойынша проректорға есеп береді.

Комиссия төрағасының қызметін факультет Кеңесі, Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі, Академиялық жұмыс департаменті және Академиялық мәселелер бойынша проректор үйлестіреді.

5.2 Комиссия төрағасының қызметі осы қызметтік нұсқаулыққа және білім беру процесін реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

5.3 Факультетте білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Комиссия әрбір факультетте 1 оқу жылына кемінде 5 мүшеден тұратын құраммен құрылады.

5.4 Комиссия құрамына факультет декандарының орынбасарлары, Кафедра меңгерушілері, профессорлық-оқытушылық құрам өкілдері, студенттік құрам өкілдері, магистранттар, докоранттар және басқа да академиялық қызметкерлер кіре алады.

5.5 Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, мәжілістерді шақырады және өткізеді;

5.6 Комиссия төрағасы өз қызметінде басшылыққа алады:

- ҚР "Білім туралы" Заңымен;
- ҚР Конституциясымен;
- ҚР "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Заңымен;
- ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңымен;
- "Тіл туралы" Заңымен;
- ҚР Еңбек кодексімен;
- ҚР Азаматтық кодексімен;
- ҚР МЖМБС;
- ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарымен;
- ҚБ регламенттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілермен;
- Университет Жарғысымен;
- Ішкі еңбек тәртібі ережелерімен;
- "М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ коммерциялық және қызметтік құпиясының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықпен;
- "М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ ақпараттық қауіпсіздік туралы ережесімен;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы қағидалар мен нормалар;
- Ғылыми кеңестің, университет Басқармасының шешімдерімен;
- Факультет кеңесінің және университеттің академиялық кеңесінің ұсынымдарымен;
- ESG халықаралық стандарттарымен;
- Академиялық адалдық Кодексімен;
- Университеттің академиялық саясаты;
- ISO 9001 халықаралық стандартының талаптары;

– осы қызметтік нұсқаулықпен.

Лауазымға келесі біліктілік талаптары қойылады:

– жоғары білім (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім);

-жоғары оқу орнындағы ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл, оның ішінде ЖОО-ның басқару құрылымдарындағы жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл; комиссиядағы жұмыс;

- мемлекеттік тілді еркін меңгеру;

- университеттің жұмыс процесінде қолданылатын бейін бойынша ақпараттық жүйелерді қолдана білу.

Жұмыста (іссапарда, демалыста, сырқаттануда) болмаған жағдайда оның міндеттерін тиісті құқықтары бар және өзіне жүктелген міндеттерді орындауға жауапты комиссия мүшесі орындайды.

6. ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

Қызметтік міндеттерге мыналар жатады:

- түлектердің жарияланған даярлық деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін деңгейде оқу процесін жоспарлау, ұйымдастыру, ресурстық қамтамасыз ету және қолдау бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ оны үздіксіз жетілдіру;

- факультетте білім беру процесінің ішкі және сыртқы жағдайлары мен жай-күйіне мониторинг жүргізуді ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысу, сондай-ақ білім алушыларды даярлау сапасының стратегиялық мақсаттан ауытқуын және оның даму үрдістерін уақтылы анықтау мақсатында талдау жүргізу;

- білім беру бағдарламаларының мазмұнының өзектілігіне мониторинг жүргізу; оқу-әдістемелік кешендер мен силлабустардың сапасын бағалау; білім беру бағдарламаларының тиімділігіне ішкі бағалау жүргізу және оның еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін айқындау; қолданыстағы білім беру бағдарламаларын талдау, олардың әлеуетін анықтау және білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жетілдіру қағидаттарын белгілеу;

- білім беру бағдарламаларының (ББ) мазмұны бойынша олардың сапасын айқындау, жетілдіру бағыттарын белгілеу және жоғары оқу орнының ішкі басқару жүйесіне енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- аккредиттеу және ББ рейтингі барысында «Атамекен» ҰКП мен аккредиттеу агенттіктері ұсынған ұсынымдар мен ескертулердің орындалуына мониторинг жүргізу;

- білім беру процесінің сапасына жәрдемдесу мақсатында ББ және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкестігін және академиялық адалдықтың сақталуын анықтау тұрғысынан білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыру;

- түпкілікті оқу нәтижелерін бағалау жүйесін, силлабустардағы бағалау критерийлерін, сондай-ақ жұмыстарды бағалау рәсімдері мен өлшемшарттарын әзірлеуді қарау;

- академиялық адалдық қағидаттарын сақтау бойынша білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамы арасында ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу;

- академиялық адалдықты бұзу фактілері (көшіру, плагиат, сөз байласу және т.б.) туындаған жағдайда тәуелсіз сараптама жүргізу;

- жазбаша жұмыстарды орындау кезінде академиялық адалдықтың этикалық нормалары мен қағидаттарының сақталуын бағалау;

- білім беру процесіне академиялық адалдық қағидаттарын енгізу және білім алушылардың әдеп нормаларын бұзатын мінез-құлқының алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;

- білім беру процесінің сапасын арттыруға бағытталған материалдық, қаржылық және өзге де ресурстарды бөлу қажеттілігі туралы факультет кеңесін хабардар ету;

- факультет білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарларын келісуді жүзеге

асыру;

- пәндерді оқыту сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында факультеттің білім беру бағдарламаларында білім алушылардың үлгерімі мониторингінің нәтижелерін қарау;
- білім беру бағдаралалары бойынша студенттерді оқыту сапасына қанағаттану мониторингі туралы есептерді қарау;
- білім беру процесінің сапасын жақсарту мақсатында студенттердің пікірін (сауалнама, кері байланыс арқылы) есепке алу;
- білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оқу нәтижелерін қайта есептеуді жүзеге асыру;
- білім берудің барлық деңгейлеріндегі пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін талдау негізінде, оларды шығарудың тақырыптық жоспары мен басым бағыттарын айқындай отырып, ұсыныстар қалыптастыру.

7. ҚҰҚЫҚТАР

Комиссия төрағасының құқықтары:

- өз құзыреті шегінде факультет пен университеттің құрылымдық бөлімшелеріне, жеке қызметкерлеріне білім беру бағдарламаларының (ББ), мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің, сабақ түрлері мен оқыту әдістерінің сапасын арттыру мәселелері бойынша ұсыныстар беруге;
- комиссия жұмысына қажетті ақпаратты университеттің құрылымдық бөлімшелерінен сұратуға;
- комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша университет басшылығын ақпараттандыруға;
- білім беру бағдарламаларын, модульдік оқу жоспарларын, силлабустарды, элективті пәндер каталогын (ЭПК) және оқу-әдістемелік кешендерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы. Бұл — білім беру сапасы мен деңгейлердің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады;
- комиссия қызметінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға байланысты мәселелерді факультет кеңесінің, кафедралар мен университеттің Академиялық кеңесінің қарауына шығаруға;
- факультет пен кафедраларда білім сапасы мәселелері қарастырылатын басқару органдарының отырыстарына қатысуға;
- оқытушылардың білім беру бағдарламалары аясындағы жұмысын объективті бағалау үшін қажетті құжаттарды талап етуге;
- комиссияның құзыретіне кіретін мәселелерді шешу және нақты тапсырмаларды орындау үшін оқытушыларды, комиссия мүшелерін және өзге де мамандарды тартуға;
- факультет кеңесіне және университеттің сапаны басқару органдарына ұсыныстар жіберуге.

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Комиссия төрағасының жауапкершілігі:

- білім сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру бойынша іс-шаралардың сапалы өткізілуіне;
- білім беру бағдарламаларының мазмұнын және олардың іске асырылу жағдайларын мониторингтеу мен бағалау нәтижелерінің, сауалнама қорытындыларының және академиялық адалдықтың бұзылу фактілері туралы мәліметтердің шынайылығына;
- өз өкілеттігі шегінде қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен сапасына;
- есептер мен материалдарды әзірлеу және ұсыну мерзімдерінің сақталуына;

- комиссия қызметінің нәтижелері факультет кеңесінде қаралып, университеттің білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшесіне есеп беру түрінде ұсынылуына;
- қызметтік құжаттардың сақталуына және құпия ақпараттың жария етілмеуіне.

А Қосымшасы

Танысу парағы
(міндетті)

№ р/н	Т. А. Ә. (лауазымы)	Күні	Қолы
1	2	3	4